

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді талдауға, аталған құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалауға, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауға арналған әдістемелік тәсілдемелер туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 151 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 43-тармағы 15-тармақшасына сәйкес, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 19 шешімімен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бір терезе" механизмін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының XII бөлімі 3.1-тармағын іске асыру мақсатында Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді талдауға, аталған құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалауға, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауға арналған әдістемелік тәсілдемелер бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2015 жылғы 17 қарашадағы
№ 151 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді талдауға, аталған құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалауға, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауға арналған ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕМЕЛЕР

I. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік тәсілдемелер Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 4 ақпандағы № 4 шешімімен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бір терезе" механизмін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру

жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша 2015 жылға арналған ізеуірттелген жоспардың (бұдан әрі – 2015 жылға арналған ізеуірттелген жоспар) 3.1.1, 3.1.3 және 3.1.5-тармақтарын орындау шеңберінде Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы № 19 шешімімен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бір терезе" механизмін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының XII бөлімі 3.1-тармағын іске асыру мақсатында әзірленді.

2. Осы Әдістемелік тәсілдемелер:

а) Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттерінің (бұдан әрі тиісінше – Комиссия департаменттері, Комиссия) Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын, құжаттарды және (немесе) нысандарды, оларды қағаз тасымалдағышта толтыру тәртібін, құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндіктерін бағалауды, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауды белгілейтін халықаралық шарттар мен актілерге талдау жүргізуіне;

б) Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) құжаттарды және (немесе) нысандарды, оларды қағаз тасымалдағышта толтыру тәртібін, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауды белгілейтін мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілеріне және мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарына талдау жүргізуіне қатысты бірыңғай тәсілдемелерді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

3. Осы Әдістемелік тәсілдемелердің мақсаттары үшін мынадай мағынадағы ұғымдар пайдаланылады:

"мәліметтерді талдау" – ұқсас мәліметтерді, олардың мағыналық мазмұны мен мәнін салыстыру процесі;

"бизнес – меморгандар (B2G)" – мүдделі тұлға уәкілетті органға талап етілетін ақпаратты (құжаттар немесе мәліметтер, соның ішінде осындай құжаттар мен мәліметтерді алу үшін талап етілетін мүдделі тұлғалардың өтініштері мен өтінімдері) ұсынатын ақпараттық өзара іс-қимыл бағыты;

"меморгандар – бизнес (G2B)" – уәкілетті орган мүдделі тұлғаға талап етілген ақпаратты (құжаттар немесе мәліметтер) ұсынатын ақпараттық өзара іс-қимыл бағыты;

"мүдделі тұлғалар" – заңды тұлға, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылмайтын ұйымдар, сондай-ақ жеке кәсіпкер ретінде мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес тіркелген жеке тұлға;

"жалпы мәліметтер" – атауы бірдей, мағыналары ұқсас және 2 және одан да көп құжатта пайдаланылатын мәліметтер;

"мәліметтердің сипаттамасы" – мәліметтердің негізгі белгілері мен мән-маңызын ашып көрсететін мағыналық мазмұнының сипаттамасы;

"мәліметтердің оңтайлы тізбесі" – қайталанбайтын мәліметтерді қамтитын мәліметтер тізбесі;

"мәліметтердің толық тізбесі" – мүдделі тұлғалар мен уәкілетті органдарға сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде мәліметтер алмасуды ұйымдастыру үшін қажетті мәліметтер тізбесі;

"уәкілетті орган" – мүше мемлекеттің мемлекеттік органы немесе оның жекелеген салаларда мемлекеттік саясатты іске асыру өкілеттігі берілген белгілі бір ұйымы;

"электрондық құжат" – Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттамада (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың № 3 қосымшасы) белгіленген мәнде қолданылады.

Осы Әдістемелік тәсілдемелерде пайдаланылатын өзге ұғымдар іс-шаралар жоспарында айқындалған мәндерде түсіндіріледі.

4. Осы Әдістемелік тәсілдемелерге сәйкес мынадай мемлекеттік реттеу салалары бойынша сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерге талдау, аталған құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалау, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалау жүргізіледі:

- а) кедендік реттеу;
- б) валюталық реттеу;
- в) салықтық реттеу;
- г) кедендік-тарифтік реттеу;
- д) тарифтік емес реттеу;
- е) техникалық реттеу;

ж) санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шаралар;

- з) қаржылық қызметтер (банк, сақтандыру);
- и) көлік және тасымалдау;
- к) зияткерлік меншік.

5. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы Төрағасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 192 бұйрығына сәйкес 2015 жылға арналған ізеуірттелген жоспардың 3.1.1 – 3.1.6 тармақтары бойынша жауапты орындаушы болып табылатын Комиссия департаменті (бұдан әрі – жауапты департамент) осы Әдістемелік тәсілдемелердің 2-тармағының "б" тармақшасына сәйкес мүше мемлекеттердің жүргізген талдауы және бағалауы нәтижелері бойынша № 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ақпараттарды, сондай-ақ № 3 қосымшаға сәйкес 2 нысан бойынша ақпараттарды Комиссияға ұсынуы туралы сауалды жіберуді қамтамасыз етеді.

Өз құзыреттері шегінде, соның ішінде көрсетілген бұйрыққа сәйкес 2015 жылға арналған ізеуірттелген жоспардың 3.1.1 – 3.1.6 тармақтары бойынша мемлекеттік

реттеудің тиісті салаларында бірлесіп орындаушы болып табылатын Комиссия департаменттері осы Әдістемелік тәсілдемелердің 2-тармағының "а" тармақшасына сәйкес талдау және бағалау, сондай-ақ осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 1 және 2-қосымшаларында көзделген нысандар бойынша ақпараттарды және мүше мемлекеттердің осы Әдістемелік тәсілдемелердің 2-тармағының "б" тармақшасына сәйкес жүргізілген талдау және бағалау нәтижелері бойынша осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 3 қосымшасында көзделген 2-нысан бойынша ұсынған ақпаратты өңдеуді жүргізеді.

Жауапты департамент Комиссия департаменттері осы тармақтың екінші абзацына сәйкес жүргізілген жұмыстарының нәтижелері бойынша осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 1 – 3-қосымшаларында көзделген нысандар бойынша ұсынған ақпараттарды жинақтауды және өңдеуді жүзеге асырады.

6. Осы Әдістемелік тәсілдемелерге сәйкес жұмыстардың нәтижелері 2015 жылға арналған ізеуірттелген жоспардың 3.1.2, 3.1.4 және 3.1.6-тармақшаларында көзделген қорытындыларды және мүдделі тұлғаларға және уәкілетті органдарға мемлекеттік реттеудің тиісті салалары бойынша сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде мәліметтер алмасу үшін қажетті құжаттардан мәліметтердің оңтайлы тізбесін (Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерді, мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерін және мүше мемлекеттердің үшінші тараппен жасаған халықаралық шарттарын (бұдан әрі – актілер) көрсете отырып) қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындау болып табылады.

II. Актілерге талдау жүргізу тәсілдері

7. Актілерді талдау біріздендіруге және үндестіруге бағытталған мәліметтерді қамтитын өзгерістер енгізу қажет құжаттарды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Актілерді талдау құжаттарды және (немесе) нысандарды, оларды электрондық тасымалдағышта толтыру тәртібін, сондай-ақ осы актілерді қабылдау деңгейін белгілейтін құжаттар мен актілерді анықтау арқылы жүргізіледі.

8. Актілерді талдауды Комиссияның мемлекеттік реттеудің тиісті салаларында өз функцияларын іске асыратын департаменттері және уәкілетті органдар мемлекеттік реттеу салалары бойынша мынадай бағыттарда жүргізеді:

а) Одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау (әкелу, әкету);

б) мүдделі тұлғалар мен уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл (B2G, G2B).

9. Комиссияның департаменттері мен уәкілетті органдар актілерге талдау жүргізу барысында осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 1 қосымшасында көзделген нысан бойынша 4 кесте толтырады:

әкелу бойынша – B2G бағытына арналған;

әкелу бойынша – G2B бағытына арналған;

әкету бойынша – B2G бағытына арналған;

әкету бойынша – G2B бағытына арналған.

Осы нысанның 1 – 7 графаларында мынадай ақпараттар көрсетіледі:

1-графада – кестедегі құжаттың реттік нөмірі;

2-графада– құжаттарды және (немесе) нысандарды, оларды электрондық тасымалдағышта толтыру тәртібін белгілейтін қабылданған актіге қатысты мемлекеттік реттеу саласының атауы;

3-графада – актімен белгіленген құжаттың атауы;

4-графада – құжатты белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы);

5-графада – 4-графада кодталған түрде көрсетілген акт туралы ақпарат:

"1" код – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер;

"2" код – мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері;

"3" код – мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттары.

Егер 5-графада "2" код көрсетілген болса, одан кейін ";" белгісі арқылы Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен көзделген әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес (бұдан әрі – әлем елдерінің сыныптауышы) осы нормативтік құқықтық акт қабылданған мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі;

6-графада –құжатты қағаз тасымалдағышта толтырудың нысаны мен тәртібін белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы).

Егер құжатты қағаз тасымалдағышта толтырудың нысаны мен тәртібі белгіленбеген болса, 6-графада "0" коды көрсетіледі;

7-графада – 6-графада кодталған түрде көрсетілген акт туралы ақпарат:

"1" код – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер;

"2" код – мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері;

"3" код – мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттары.

Егер 7-графада "2" код көрсетілген болса, одан кейін ";" белгісі арқылы әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес осы нормативтік құқықтық акт қабылданған мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі.

Егер 6-графада "0" коды көрсетілсе, 7-графада да "0" коды көрсетіледі.

10. Комиссияның департаменттері мен уәкілетті органдар жүргізген актілерге талдау нәтижелері бойынша Комиссия департаменттері осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 3 қосымшасында көзделген 1-нысан бойынша 2015 жылға арналған ізеуірттелген жоспардың 3.1.2-тармақшасында көзделген қорытындыны дайындайды. Мұндай қорытындыларда (мемлекеттік реттеу салалары бойынша) мыналар көрсетіледі :

а) құжаттардың жалпы саны, соның ішінде:

Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттардың саны;

мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

мүше мемлекеттердің үшінші тараппен жасаған халықаралық шарттарымен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

б) құжаттарды белгілейтін актілердің жалпы саны, соның ішінде:

Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің саны;

мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарының саны (әрбір мүше мемлекет бойынша).

11. Егер актілермен белгіленген жекелеген құжаттар бойынша Комиссияның департаменттері және (немесе) уәкілетті органдар талдау жүргізбеген болса, Комиссияның департаменттері осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 3 қосымшасында көзделген 2-нысан бойынша осындай құжаттар, оларды белгілейтін актілер туралы, сондай-ақ олардың талдауға енгізілмеуінің себептері туралы мәліметтер көрсетілген қорытынды дайындайды.

III. Электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауды жүргізу тәсілдемелері

12. Электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалау актілерде электрондық түрдегі құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін көздейтін ережелердің болуын анықтау мақсатында жүргізіледі.

Электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалау актілерде мынадай мүмкіндіктерді көздейтін ережелердің бар болуын талдау арқылы жүргізіледі:

а) уәкілетті органдардың құжаттарды электрондық құжаттар түрінде ресімдеуі;

б) мүдделі тұлғалардың құжаттарды (арыздарды, өтініштерді) электрондық құжаттар түрінде беруі;

в) уәкілетті органдардың ресімделген құжаттардың электрондық көшірмелерін ресімдеуі;

г) мүдделі тұлғалардың құжаттардың (арыздардың, өтініштердің) электрондық көшірмелерін беруі;

д) уәкілетті органдардың ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорын, соның ішінде электрондық тізілімді жүргізуі;

е) ресімделген құжаттардың электрондық дерекқоры мәліметтерін, соның ішінде электрондық тізілімдерді уәкілетті органдардың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында жариялау;

ж) уәкілетті органдардың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында жарияланған ресімделген құжаттардың электрондық

дерекқорын, соның ішінде электрондық тізілімдерді құжаттарды ресімдеуді растау ретінде пайдалану.

13. Электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауды Комиссияның департаменттері мен уәкілетті органдар мынадай бағыттар бойынша жүргізеді:

а) Одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын тасымалдау (әкелу, әкету);

б) мүдделі тұлғалар мен уәкілетті органдар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл (B2G, G2B).

14. Комиссияның департаменттері мен уәкілетті органдар электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауды жүргізу барысында осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 1 қосымшасында көзделген нысан бойынша 4 кестені толтырады:

әкелу бойынша – B2G бағытына арналған;

әкелу бойынша – G2B бағытына арналған;

әкету бойынша – B2G бағытына арналған;

әкету бойынша – G2B бағытына арналған.

Осы нысанның 8 – 21 графаларында мынадай ақпараттар көрсетіледі:

8-графада – құжатты электрондық құжат түрінде ресімдеу мүмкіндігін белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы). Егер мұндай акт болмаса, осы графада "0" коды көрсетіледі;

9-графада – 8-графада кодталған түрде көрсетілген акт туралы ақпарат:

"1" код – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер;

"2" код – мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері.

Егер 9-графада "2" коды көрсетілсе, одан кейін ";" белгісі арқылы әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес осы нормативтік құқықтық акт қабылданған мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі.

Егер 8-графада "0" коды көрсетілсе, 9-графада да "0" коды көрсетіледі;

10-графада – электрондық құжаттың форматы мен құрылымын белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы). Егер мұндай акт болмаса, осы графада "0" коды көрсетіледі;

11-графада – 10-графада кодталған түрде көрсетілген акт туралы ақпарат:

"1" код – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер;

"2" код – мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері.

Егер 11-графада "2" коды көрсетілсе, одан кейін ";" белгісі арқылы әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес осы нормативтік құқықтық акт қабылданған мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі.

Егер 10-графада "0" коды көрсетілсе, 11-графада да "0" (нөл) коды көрсетіледі;

12-графада – құжаттың электрондық көшірмесін ұсыну қажеттілігін белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы). Егер мұндай акт болмаса, осы графада "0" коды көрсетіледі;

13-графада – 12-графада кодталған түрде көрсетілген акт туралы ақпарат:

"1" код – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер;

"2" код – мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері.

Егер 13-графада "2" коды көрсетілсе, одан кейін ";" белгісі арқылы әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес осы нормативтік құқықтық акт қабылданған мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі.

Егер 12-графада "0" коды көрсетілсе, 13-графада да "0" коды көрсетіледі;

14-графада – құжаттың электрондық көшірмесінің форматы мен құрылымын белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы). Егер мұндай акт болмаса, осы графада "0" коды көрсетіледі;

15-графада – 14-графада кодталған түрде көрсетілген акт туралы ақпарат:

"1" код – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер;

"2" код – мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері.

Егер 15-графада "2" коды көрсетілсе, одан кейін ";" белгісі арқылы әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес осы нормативтік құқықтық акт қабылданған мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі.

Егер 14-графада "0" коды көрсетілсе, 15-графада да "0" коды көрсетіледі;

16-графада – уәкілетті органның ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорын, соның ішінде электрондық тізілімдерді (рұқсат беру құжаттарына арналған электрондық тізілімдерді қоса алғанда) жүргізу мүмкіндігін белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы). Егер мұндай акт болмаса, осы графада "0" коды көрсетіледі;

17-графада – 16-графада кодталған түрде көрсетілген акт туралы ақпарат;

"1" код – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер;

"2" код – мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері.

Егер 17-графада "2" коды көрсетілсе, одан кейін ";" белгісі арқылы әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес осы нормативтік құқықтық акт қабылданған мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі.

Егер 16-графада "0" коды көрсетілсе, 17-графада да "0" коды көрсетіледі;

18-графада – ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының, соның ішінде электрондық тізілімдердің мәліметтерін уәкілетті органдардың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарына орналастыру мүмкіндігін белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы). Егер мұндай акт болмаса, осы графада "0" коды көрсетіледі;

19-графада – 18-графада кодталған түрде көрсетілген акт туралы ақпарат;

"1" код – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер;

"2" код – мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері.

Егер 19-графада "2" коды көрсетілсе, одан кейін ";" белгісі арқылы әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес осы нормативтік құқықтық акт қабылданған мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі.

Егер 18-графада "0" коды көрсетілсе, 19-графада да "0" коды көрсетіледі;

20-графада – құжаттарды ресімдеуді растау ретінде ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының, соның ішінде электрондық тізілімдердің уәкілетті органдардың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастырылған мәліметтерін пайдалану мүмкіндігін белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы). Егер мұндай акт болмаса, осы графада "0" коды көрсетіледі;

21-графада – 20-графада кодталған түрде көрсетілген акт туралы ақпарат;

"1" код – Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілер;

"2" код – мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері.

Егер 21-графада "2" коды көрсетілсе, одан кейін ";" белгісі арқылы әлем елдерінің сыныптауышына сәйкес осы нормативтік құқықтық акт қабылданған мүше мемлекеттің әріптік коды көрсетіледі.

Егер 20-графада "0" коды көрсетілсе, 21-графада да "0" коды көрсетіледі.

15. Комиссияның департаменттері және уәкілетті органдар электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауды жүргізу нәтижелері бойынша Комиссия департаменттері 2015 жылға арналған ізеуірттелген жоспардың 3.1.6-тармақшасында көзделген осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 3 қосымшасында көзделген 3-нысанда мынадай көрсеткіштер (мемлекеттік реттеу салалары бойынша) көрсетілетін қорытындылар дайындайды:

а) электрондық құжаттар түрінде ресімдеу мүмкіндігі актілермен белгіленген құжаттардың саны және құжаттардың жалпы санындағы олардың үлесі (пайызбен), соның ішінде:

оларды электрондық құжаттар түрінде ресімдеу мүмкіндігі Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттардың саны;

электрондық құжаттар түрінде ресімдеу мүмкіндігі мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

б) электрондық құжаттың форматы мен құрылымы актілермен белгіленген құжаттардың саны және құжаттардың жалпы санындағы олардың үлесі (пайызбен), соның ішінде:

электрондық құжаттың форматы мен құрылымы Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттардың саны;

электрондық құжаттың форматы мен құрылымы мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

в) электрондық көшірмелерін ұсыну қажеттігі актілермен белгіленген құжаттардың саны және құжаттардың жалпы санындағы олардың үлесі (пайызбен), соның ішінде:

электрондық көшірмелерін ұсыну қажеттігі Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттардың саны;

электрондық көшірмелерін ұсыну қажеттігі мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

г) электрондық көшірмелерінің форматы мен құрылымы актілермен белгіленген құжаттардың саны және құжаттардың жалпы санындағы олардың үлесі (пайызбен), соның ішінде:

электрондық көшірмелерінің форматы мен құрылымы Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттардың саны;

электрондық көшірмелерінің форматы мен құрылымы мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

д) уәкілетті органдардың ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорын, соның ішінде электрондық тізілімдерді (рұқсат беру құжаттарына арналған электрондық тізілімдерді қоса алғанда) жүргізу мүмкіндігі актілермен белгіленген құжаттардың саны және құжаттардың жалпы санындағы олардың үлесі (пайызбен), соның ішінде:

уәкілетті органдардың ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорын, соның ішінде электрондық тізілімдерді (рұқсат беру құжаттарына арналған электрондық тізілімдерді қоса алғанда) жүргізу мүмкіндігі Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттардың саны;

уәкілетті органдардың ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорын, соның ішінде электрондық тізілімдерді (рұқсат беру құжаттарына арналған электрондық тізілімдерді қоса алғанда) жүргізу мүмкіндігі мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

е) ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының, соның ішінде электрондық тізілімдердің мәліметтерін уәкілетті органдардың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастыру мүмкіндігі актілермен белгіленген құжаттардың саны және құжаттардың жалпы санындағы олардың үлесі (пайызбен), соның ішінде:

ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының, соның ішінде электрондық тізілімдердің мәліметтерін уәкілетті органдардың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастыру мүмкіндігі Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттардың саны;

ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының, соның ішінде электрондық тізілімдердің мәліметтерін уәкілетті органдардың "Интернет"

ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастыру мүмкіндігі мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

ж) құжаттарды ресімдеуді растау ретінде ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының, соның ішінде электрондық тізілімдердің уәкілетті органдардың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастырылған мәліметтерін пайдалану мүмкіндігі актілермен белгіленген құжаттардың саны және құжаттардың жалпы санындағы олардың үлесі (пайызбен), соның ішінде:

құжаттарды ресімдеуді растау ретінде ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының, соның ішінде электрондық тізілімдердің уәкілетті органдардың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастырылған мәліметтерін пайдалану мүмкіндігі Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттардың саны;

құжаттарды ресімдеуді растау ретінде ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының, соның ішінде электрондық тізілімдердің уәкілетті органдардың "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастырылған мәліметтерін пайдалану мүмкіндігі мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша);

з) тек қағаз тасымалдағыштарда ғана ресімделуі актілермен белгіленген құжаттардың саны және құжаттардың жалпы санындағы олардың үлесі (пайызбен), соның ішінде:

тек қағаз тасымалдағыштарда ғана ресімделуі Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттардың саны;

тек қағаз тасымалдағыштарда ғана ресімделуі мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттардың саны (әрбір мүше мемлекет бойынша).

IV. Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің деңгейі мен мүмкіндігін бағалау тәсілдемелері

16. Құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалау мүдделі тұлғалар мен уәкілетті органдарға тиісті мемлекеттік реттеу салалары бойынша сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде мәліметтер алмасу үшін талап етілетін құжаттардың оңтайлы мәліметтері тізбесін қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізіледі.

Құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалау осы Әдістемелік тәсілдемелердің II және III бөлімдеріне сәйкес жүргізілген актілерді талдау барысында белгіленген құжаттардың мәліметтерін жинақтау, сипаттау және талдау арқылы жүргізіледі.

17. Құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалау 2 кезеңде жүзеге асырылады.

Бірінші кезеңде Комиссия департаменттері мен уәкілетті органдар әрбір мемлекеттік реттеу саласы бойынша осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 2 қосымшасында көзделген нысан бойынша мынадай деректер көрсетілетін кестені толтырады:

а) 1-графада – құжатты және (немесе) оларды толтыру нысаны мен тәртібін белгілейтін акт жататын мемлекеттік реттеу саласы;

б) 2-графада – құжат мәліметтерінің атауы;

в) 3-графада – 2-графада көрсетілген құжат мәліметтерінің сипаттамасы;

г) 4-графада – құжатты белгілейтін актіге сәйкес құжаттың атауы;

д) 5-графада – құжатты қағаз тасымалдағышта толтыру нысаны мен тәртібін белгілейтін актінің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы) (осы Әдістемелік тәсілдемелердің № 1 қосымшасында көзделген нысанның 6-графасында көрсетілген актілердің деректемелері көрсетіледі).

Осы жұмыстың нәтижелері бойынша мемлекеттік реттеудің әрбір саласы бойынша мәліметтердің толық тізбесі қалыптастырылады.

Екінші кезеңде жауапты департамент мемлекеттік реттеудің әрбір саласы бойынша құжаттардың мәліметтеріне ортақ мәліметтерді анықтау мақсатында олардың мағыналық ұқсастықтарына талдау жүргізеді (мысалы, "түсіру" және "жүк түсіру", "саудагер" және "сатушы" сөздері синонимдер болып табылады).

Осы жұмыстың нәтижелері бойынша мемлекеттік реттеудің әрбір саласы бойынша мәліметтердің оңтайлы тізбесін қалыптастыру мүмкіндігін бағалау жүргізіледі, оның құрамы бойынша ұсыныстар әзірленеді және тиісті ақпарат № 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай деректер көрсетілетін кестеге енгізіледі:

а) 1-графада – актімен белгіленген құжат мәліметтерінің атауы;

б) 2-графада – 1-графада көрсетілген мәліметтердің сипаттамасы;

в) 3-графада – құжатты және (немесе) оларды толтыру нысаны мен тәртібін белгілейтін қабылданған акт жататын мемлекеттік реттеу саласы;

г) 4 – ... N графалардың атауларында – ... N – құжатты белгілейтін актілерге сәйкес құжаттардың атауы және ";" белгісі арқылы құжаттарды толтыру нысаны мен тәртібін белгілейтін актілердің деректемелері (нөмірі және қабылданған күні, атауы);

д) 4 – ... N графаларда – 4 – ... N графаларда кодталған түрде көрсетілген құжаттарда 1-графадағы мәліметтердің бар болуы туралы ақпарат:

"0" коды – жоқ;

"1" коды – иә.

18. Құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалауды жүргізу нәтижелері бойынша жауапты департамент 2015 жылға

арналған ізеуірттелген жоспардың 3.1.4-тармақшасында көзделген мынадай ақпаратты қамтитын қорытынды дайындайды:

- а) құжаттар мәліметтерінің жалпы саны;
- б) ортақ мәліметтер саны;
- в) ортақ мәліметтерге біріктірілген құжаттар мәліметтерінің саны;
- г) мына формула бойынша есептелген мәліметтерді біріздендіру және үндестіру дәрежесі:

Мәліметтерді біріздендіру әрі үндестіру дәрежесі =	$N_1 + N_2 - N_3$	x 100%,
	N_1	

мұндағы:

N_1 – құжаттар мәліметтерінің жалпы саны;

N_2 – ортақ мәліметтер саны;

N_3 – ортақ мәліметтерге біріктірілген құжаттар мәліметтерінің саны.

Мәліметтерді біріздендіру және үндестіру дәрежесі құжаттардың мәліметтерін ортақ мәліметтерге біріктіру және мәліметтердің оңтайлы тізбесін алу мүмкіндігі деңгейін көрсетеді (мәліметтерді біріздендіру және үндестіру дәрежесі неғұрлым жоғары болса, құжаттардың мәліметтерін ортақ мәліметтерге біріктіру және мәліметтердің оңтайлы тізбесін алу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады).

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді талдауға, аталған құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалауға, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауға арналған әдістемелік тәсілдемелерге
№ 1 ҚОСЫМША
(нысан)

Талдау және бағалауды жүргізу нәтижелері бойынша АҚПАРАТ

Орын ауыстыру бағыты _____				Өзара іс-қимыл бағыты _____																
(әкелу, әкету – қажеттісін көрсету)				(B2G, G2B – қажеттісін көрсету)																
№ р/с	ме мле - кет тік рет	Құ жат тың ата уы	акт ¹		акт ²		акт ³		акт ⁴		акт ⁵		акт ⁶		акт ⁷		акт ⁸		акт ⁹	
			дер ект	қаб ылд ау	дер ект	қаб ылд	дер ект	қаб ылд	дер ект	қаб ылд ау	дер ект	қаб ылд	дер ект	қаб ылд	дер ект	қаб ылд	дер ект	қаб ылд	дер ект	қаб ылд

	теу сал асы		еме лер	дең гейі	еме лер	ау дең гейі	еме лер	ау дең гейі	еме лер		еме лер	ау дең гейі	еме лер	ау дең гейі	еме лер	ау дең гейі	еме лер	ау дең гейі	еме лер	ау дең гейі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21

1 Құжатты белгілейтін акт.

2 Құжатты қағаз тасымалдағышта толтыру нысаны мен тәртібін белгілейтін акт.

3 Құжатты электрондық құжат түрінде ресімдеу мүмкіндігін белгілейтін акт.

4 Электрондық құжат форматы мен құрылымын белгілейтін акт.

5 Құжаттың электрондық көшірмесін ұсынуды белгілейтін акт.

6 Құжаттың электрондық көшірмесінің форматы мен құрылымын белгілейтін акт.

7 Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорын, соның ішінде электрондық тізілімдерді (рұқсат беру құжаттарына арналған электрондық тізілімдерді қоса алғанда) жүргізу мүмкіндігін белгілейтін акт.

8 Ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорын, соның ішінде электрондық тізілімдердің мәліметтерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарына орналастыру мүмкіндігін белгілейтін акт.

9 Ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының, соның ішінде электрондық тізілімдердің Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастырылған мәліметтерді осы уәкілетті органдардың құжаттарды ресімдеуді растауы ретінде пайдалану мүмкіндігін белгілейтін акт.

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді талдауға, аталған құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалауға, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауға арналған әдістемелік тәсілдемелерге
№ 2 ҚОСЫМША
(нысан)

Құжаттар мәліметтерінің СИПАТТАМАСЫ

Мемлекеттік реттеу саласы			Құжатты қағаз тасымалдағышта толтыру нысаны
		Құжаттың атауы	

	Қ ұ ж а т мәліметтерінің атауы	Қ ұ ж а т мәліметтерінің сипаттамасы		мен тәртібін белгілейтін актінің деректемелері
1	2	3	4	5

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді талдауға, аталған құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалауға, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауға арналған әдістемелік тәсілдемелерге
№ 3 ҚОСЫМША

Актілерге талдау жүргізу нәтижелері бойынша қорытындылар НЫСАНДАРЫ

(1-нысан)

Актілерге талдау жүргізу нәтижелері бойынша қорытынды

1. _____ бойынша құжаттардың жалпы саны,
(мемлекеттік реттеу саласы)

соның ішінде:

Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттармен және актілермен белгіленген құжаттар саны _____ мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген құжаттар саны (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы _____

Беларусь Республикасы _____

Қазақстан Республикасы _____

Қырғыз Республикасы _____

Ресей Федерациясы _____

мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық

шарттарында белгіленген құжаттар саны (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы _____

Беларусь Республикасы _____

Қазақстан Республикасы _____

Қырғыз Республикасы _____

Ресей Федерациясы _____

2. _____ бойынша актілердің жалпы саны,

(мемлекеттік реттеу саласы)

соның ішінде:

Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілердің саны _____

мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілерінің саны (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы _____

Беларусь Республикасы _____

Қазақстан Республикасы _____

Қырғыз Республикасы _____

Ресей Федерациясы _____

мүше мемлекеттердің үшінші тараппен халықаралық шарттарының саны (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы _____

Беларусь Республикасы _____

Қазақстан Республикасы _____

Қырғыз Республикасы _____

Ресей Федерациясы _____

(2-нысан)

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті, талдауға енгізілмеген құжаттар бойынша қорытынды

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттың атауы	Экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжатты белгілейтін актінің деректемелері	Құжатқа талдау жүргізілмеуінің себебі
---	---	---------------------------------------

(3-нысан)

Электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалау нәтижелері бойынша қорытынды

	Құжаттар саны	Құжаттардың жалпы санындағы үлес (пайызбен)
1. Оларды электрондық құжаттар түрінде ресімдеу мүмкіндігін белгілеген құжаттар: Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар және актілер мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері (әрбір мүше мемлекет бойынша): Армения Республикасы Беларусь Республикасы Қазақстан Республикасы Қырғыз Республикасы		

Ресей Федерациясы

2. Электрондық құжаттың форматы мен құрылымын белгілеген құжаттар:

Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар және актілер мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы

Беларусь Республикасы

Қазақстан Республикасы

Қырғыз Республикасы

Ресей Федерациясы

3. Олардың электрондық көшірмелерін тапсыруды белгілеген құжаттар:

Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар және актілер мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы

Беларусь Республикасы

Қазақстан Республикасы

Қырғыз Республикасы

Ресей Федерациясы

4. Олардың электрондық көшірмелерінің форматы мен құрылымын белгілеген құжаттар:

Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар және актілер мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы

Беларусь Республикасы

Қазақстан Республикасы

Қырғыз Республикасы

Ресей Федерациясы

5. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорын, соның ішінде электрондық тізілімдерді (рұқсат беру құжаттарына арналған электрондық тізілімдерді қоса алғанда) жүргізу мүмкіндігін белгілеген құжаттар:

Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар және актілер мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы
Беларусь Республикасы
Қазақстан Республикасы
Қырғыз Республикасы
Ресей Федерациясы

6. Ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының мәліметтерін мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастыру мүмкіндігін белгілеген құжаттар:

Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар және актілер мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы
Беларусь Республикасы
Қазақстан Республикасы
Қырғыз Республикасы
Ресей Федерациясы

7. Уәкілетті органдардың құжаттарды ресімдеуді растауы ретінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының "Интернет"

ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі ресми сайттарында орналастырылған ресімделген құжаттардың электрондық дерекқорының мәліметтерін пайдалану мүмкіндігін белгілеген құжаттар:

Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар және актілер мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері (әрбір мүше мемлекет бойынша):

Армения Республикасы
Беларусь Республикасы
Қазақстан Республикасы
Қырғыз Республикасы

Ресей Федерациясы 8. Оларды қағаз тасымалдағышта ғана ресімдеу мүмкіндігін белгілеген құжаттар: Еуразиялық экономикалық одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар және актілер мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері (әрбір мүше мемлекет бойынша): Армения Республикасы Беларусь Республикасы Қазақстан Республикасы Қырғыз Республикасы Ресей Федерациясы		
---	--	--

Сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді талдауға, аталған құжаттардың мәліметтерін біріздендірудің және үндестірудің дәрежесі мен мүмкіндігін бағалауға, сондай-ақ электрондық құжаттарды ресімдеу мүмкіндігін бағалауға арналған әдістемелік тәсілдемелерге
№ 4 ҚОСЫМША

(нысан)

Мәліметтердің оңтайлы тізбесін қалыптастыру мүмкіндігін бағалау нәтижелері бойынша ҚОРЫТЫНДЫ АҚПАРАТ

Құжат мәліметтерінің атауы	Құжат мәліметтерінің сипаттамасы	Мемлекеттік реттеу саласы	Құжаттың атауы; құжатты қағаз тасымалдағышта толтыру нысаны мен тәртібін белгілейтін актінің деректемелері	Құжаттың атауы; құжатты қағаз тасымалдағышта толтыру нысаны мен тәртібін белгілейтін актінің деректемелері	Құжаттың атауы; құжатты қағаз тасымалдағышта толтыру нысаны мен тәртібін белгілейтін актінің деректемелері	...	Құжаттың атауы; құжатты қағаз тасымалдағышта толтыру нысаны мен тәртібін белгілейтін актінің деректемелері
1	2	3	4	5	6	...	N